

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ



Қазақстан 2050



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 9-12 сәуір, 2018 жыл

2 ТОМ

V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 9-12 апреля 2018 года

ТОМ 2

V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

MATERIALS

International Scientific Conference of

Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 9-12, 2018

Volume 2

қасиеттері пайда болуы, адамгершілік саласының бұзылуы, соның ішінде агрессивтілік, өтірік ашушандық пайда болуы мүмкін [4]. Осының барлығы физиологиялық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да көптеген өзгерістер орын алатын жасөспірімдік кезеңде балалардың тұлғалық қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

Қорытындылай келе, мазасыздану мәселесін шешу психологиядағы өзекті міндеттердің бірі болып жатады және зерттеушілерге мазасыздану деңгейін мүмкіндігінше ерте диагностикалау қажеттігін көрсетеді. Қазіргі кезде мазасыздық балада кішкентай кезінен бастап туындап, жағымсыз жағдайлардан әсерінен мазасыздануға, яғни тұлғаның тұрақты қасиетіне айналады. Сонымен қатар, балаларда жасөспірімдерде мазасыздану деңгейін зерттеу, уақытылы диагностикалау және түзету жұмыстарын қарастырып өткен бірқатар қиындықтардан құтылуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Божович Л. И. Проблемы формирования личности / под ред. Д. И. Фельдштейна. М., 1995. – С. 133.
2. Герриг Р., Зимбардо Ф. Психология и жизнь. СПб.: Питер, 2004. – С. 750.
3. Прихожан А. М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. М.: Педагогика, 2000. – С. 67.
4. Захаров А. И. Дневные и ночные страхи у детей. СПб., 2005. –С. 134-136.

КӨРКЕМ – ӨНЕР САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАТЫН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН АЛУШЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жирен Б.Ж.

Әл-фараби атындағы ҚазҰУ

Философия және саясаттану факультеті

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының

1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Мукашева А.Б.

Balausa.zhiren@bk.ru

Түйіндеме. Мақала авторлары, көркем өнер саласы бойынша білім алатын дарынды балалармен педагогтың әлеуметтік жұмысы мен дарындылық қабілеттерін анықтау, дарындылық қасиеттерін арналған қолайлы атмосфера құру бағдарын, жаңартылған білім беру мазмұнын аясында әлеуметтік және прогрессивтендіру, қоғамға бейімдеу және дарынды балалардың әлеуметтік ортада пайда болуының негізгі мәселесін қарастырды. Зерттеу барысында әлеуметтік педагогтың көркем өнер саласы бойынша алатын дарынды балалармен әлеуметтік жұмыстың негізгі бағыттары, әлеуметтік қамқорлық және әлеуметтік жұмыс жасау үдерістері туралы нәтижелер алынды.

Ұғымдық сөздер: көркем өнер саласындағы дарынды балалар, дарындылық қасиеттерін анықтау, педагогикалық үдеріс, әлеуметтік прогресс.

Төрткүл дүниенің дамылсыз жаханданған үдерістері – бізді қоршаған әлемнің өзгерісін бастамалары мен ғаламдық жаңалықтарын уақыт откен сайын жаңғыртуда. Бүгінгі таңда жаңғыру жеке тұлғаның рухани жаңғыруы мен рухани өрістеген әлеуетіне де әсер етіп келе өрімдей болған жас өркен, білім алушы буындарымыздың рухани және танымдық қабілеттері толысқан, «**Жоғарғы Эгоға**» жете білген, аса дарынды әрі қабілетті балалардың дүниесін анық ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын негізгі асыл діндегі болып отыр.

Біріншіден, сырттай қарағанда еліміз үшін саналы жас ұрпақтың дарыны – бейімді және прогрессивті даму стратегиясын жоғарғы деңгейде дамытатын үдерістердің кепілі болса:

Екіншіден, ақиқатына келгенде дарынды балалардың қабілетін дамыту, әрі қабілетін қалыптастыру үдерістері өте күрделі, ойландыратын сан қырлы әлі шешіле қоймаған, сондықтан әлі де терең зерттеулермен, ерен еңбекті талап ететін, қоғамдық бас қатыратын өзекті мәселе бірі. Оған дәлел ретінде ҚР дарынды балаларға үлкен назар аударып, дарынды балаларға қажетті жағдайларды жасап отырғаны қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің даму сатысына көрсеткіш болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бұл термин элиталық тұлғаны қолданылады –дарынды адамдарға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқытылатын мамандандырылған оқу бағдарламалары арқылы алынған білім. [1].

Қазіргі таңда Н.Ә. Назарбаев балалардың дарындылығын дамытуға көп көңіл бөліп, «Мемлекет дамуының стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыру сендердің қолдарыңда» деді Нұрсұлтан Назарбаев Астанада 30 қазан күні дарынды балалармен кездесу барысында басшысының пікірінше, Қазақстан қазіргі уақытта негізгі саяси және экономикалық даму аяқталған кезде, оны дамытудың жаңа кезеңінде, экономиканың шикізаттық бағыттылығын

Әлеуметтік педагог жасөспірімдерге көмек көрсету барысында диагностикалық, яғни кенес беру бағытында жұмыс жасайтыны белгілі. Ол шара, алдымен, оқушыны толықтай дерлік танығаннан кейін барып жүзеге асады. Оқушы мен әлеуметтік педагогтың қажетті деңгейде таныс болуы үшін

бірнеше тәсілдерді оолдануға болады. Мәселен, оқушының әлеуметтік портретін жасау. Ол үшін маман өзі жұмыс істейтін оқушының аты-жөнін, жасын, сыныбын, отбасы туралы мәлімет, денесінің жағдайын, жеке психологиялық ерекшелігін, яғни темпераментін, мінез-құлқын, тұлғалық бағамы мақсаттарын білуге тиіс. Оқушыға не ұнайды, не ұнамайды, оның айналасындағы адамдармен қатынасы қандай? Осы сұрақтарға жауап табу да педагог үшін өте маңызды. Бұл «тану шаралары» түрлі сұрақ-жауап, тест, бағалау жұмыстары нәтижесінде қолжетімді болады.

Өсіресе, қиын балалардың тұлғалық ерекшелігін зерттеу аса маңызды процесс. Оның жоғары көрсетілген тұлғалық ерекшеліктерімен қатар, мінез-өкпөінде ауытқушылық тудырған факторларды анықтап, оларды жоюға күш салу қажет. Жалпы және нақты мүмкіншіліктерін нақты бағалау, аралық қарым-қатынас мінездемесін жасау осы процесстің негізгі әдістерінің бірі болып саналады. Білім алуға, еңбекке, түрлі қоғамдық шараларға қатынасуын бақылау да қажеттілік тудырады. Отырғанымыздай, жағдайы қиын жасөспірімдермен жұмыс жасау қажырлы еңбекті, арнайы кәсіптік білім мен тәжірбиені қажет етеді.

Әрбір қоғам үшін өскелең ұрпақтың өмірі аса маңызды. Ұлт болашағы, ел келешегі өсетін отырған жастар, жасөспірімдер мен балалардың қоғамдағы әлеуметтік орны арнайы мамандардың қатар қарапайым халықты да алаңдатары сөзсіз. Кез-келген проблема дер кезінде дұрыс бағаланып, жолға қойылса ғана нәтижелі шешілмек. Демек, тәрбие бастауы болып отырған оқу орындарында мектептерде, қызмет атқаратын әлеуметтік қызметкерлер –жеке адамды ғана емес, ұлт болашағын үлкен келеңсіз мәселелерден құтқарып, жарқын болашаққа жол ашып отырған бірден бір маман.

Адамның күйзеліске түсіп, психологиялық қиыншылыққа ұшырау көрсеткіші күрт өсетін жаһандану дәуірінде, жана заманда әлеуметтік қызметкерлердің, олардың ішінде жасөспірімдер тәрбиелеумен айналысатын педагогтарың қызметі аса маңызды рөлге ие. Осы мамандардың жұмыстарын жүйелеп, білімдерін тәжірбиемен ұштастырып, тынымсыз еңбектің арқасында нәтижеге жетер болса, ол қоғамның тыныштық пен бейбітшілікте дамитыны сөзсіз. Әлеуметтік педагогика әрбір қоғам үшін аса қажетті қызмет деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Халитова И.Р. Әлеуметтік педагогика, 2009
2. Василькова Ю.В. Социальная педагогика. 2001
3. Мудрик А.В. Социальная педагогика / Под ред. В.А. Сластенина. - М.: Изд. центр «Академия», 2002. - 200 с.
4. Липский И.А. Социальная педагогика. Уч.пособие. -М.. 2004.
5. Әлқожаева Н.С. Педагогика (оқу әдістемелік кешен). -Алматы: Қазақ университеті, 2006
6. Педагогика. Оқу құралы (Ред. Пидкасистого.-М., 1998). Аударған Г.К. Ахметова, Ш.Т. Таубасва. -Алматы: Қазақ университеті, 2008
7. Мынбасва А.К. Основы педагогики высшей школы. Алматы, 2008. 152 с.
8. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. Полный курс: учебник. М.: 2011. -797с.
9. Кожамбетова К.Ж., Жетписбаева Б.А. Введение в сравнительную этнопедагогика. – Алматы: «Анастас» 2007

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМУ

Рахматулла Ж.С.

әл-фараби атындағы ҚазҰУ

Философия және саясаттану факультеті

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының

1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., доцент Мукашева А.Б.

jami_95.95.95@mail.ru

8702-755-00-20

Түйіндемe. Мақала авторлары, қазіргі таңдағы болашақ мамандардың кәсіби маңызды сапаларын дамыту маңыздылығы әртүрлі кәсіби салаларда мамандарды сапалы даярлау және іріктеу қажеттілігімен, сондай-ақ біліктілігіне қойылатын талаптардың негізінде оларды сандық, өндірістік, уақытша және біліктілік тұрғысынан міндеттерді бекітудің сауаттылығын, мамандықтардың білім беру ұйымдарындағы педагогикалық тәжірбие студенттердің кәсіби сапаларын дамытуды қарастырады.

Ұғымдық сөздер: кәсіби білім беру, құзыреттілік, кәсіби сапа, өзіндік анықталу, мамандық таңдау.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау жүйесінің негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз білімнің жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі замандағы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің білім сапаларын дамыту және білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білімді, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарттарда нәтижелі жұмысқа, кәсіби осуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды игеруге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына сіңіріп отырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби, тәжірибелі маман дайындау. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамытуда келесілерде: оқытушылық, ғылыми-әдістемелік, кеңес берушілік, ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеушілік сияқты кәсіби қызмет түрлерін орындауға бағыттайды.

Білім берудің мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім берудің дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге мәлім. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден тұрып отыр, соның ішінде техникалық кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру стандарттарына кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2]. Білім берудің оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, мамандар әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласына анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет болып табылады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың білімдерінің түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі мәселелер шешімі жасалуда.

Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі қызметіне қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби қызметіне жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қасиеттеріне, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өзін-өзі дамытып отыру тәсілдерін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» — кәсіби қызметтің негізгі шарты. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Болашақ кәсіби маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, өзін-өзі дамытушы ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт — бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заман талабы.

Кәсіби маңызды сапаларды дамытудың жоғары деңгейі еңбекке қанағаттанудың маңызды шарты болып табылады әрі ол өз кезегінде болашақта маманның қызметіне қажетті қасиеттерін дамытудың негізгі шарты болып табылады. Неғұрлым еңбек барынша қанағаттандыратын болса, оның тиімді орындау мотиві де соншалықты жоғары болады, яғни қызметкердің кәсіби маңызды сапаларын жетілдіру, дамыту мотивациясы да соғұрлым жоғары болады.

Бұл бағыттағы жұмыстарға Е.М. Борисова, Е.А. Климов, С.П. Крягжде, Ф. Парсонс, В.А. Бодров, Ф. Гейжан, А.Е. Голомшток, Л.А. Йовайша, Кудряцев Т.В, Титма М.Х және т.б. кәсіби өзін-өзі дамыту, мамандық таңдау мәселерімен айналысқан.

Ал Қазақстандық ғалымдарға С.М. Жақыпов, А.Т. Изақова, Г.М. Кәрібаева, Ж.Т. Түрікпенұлы, Б.Намазбаева, Р.Ш. Сабырова С.Ж. Өмірбекбаева және Л.С. Пилипчуктың жұмыстарын жатқызамыз. Қазіргі ғылым (педагогика, психология) былай дейді: «Тұлғаның ашылуы кәсіби іс-әректінде өзін-өзі дамытушылық және кәсібилік сапасын көрсете алады, өзін-өзі дамушылығын көрсете алады, осында аты шығып, белсенділігін байқатады». Осы қағидада өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі бекітуі тиімді. Өзін-өзі кәсіби анықтау деген — кәсіби әрекетіндегі тұлғаның дамушылық процесі және өзін-өзі білетін, тұлға-психологиялық мүмкіншілігін жүзеге асыру. Ол бір кезеңде болмайды, толық белсенділікпен әрекетінде атқарылады. Осы жолда мақсаттар мен міндеттер қалыптасады. Осы процесс өзінің өмір бойғы жолымен табады және де өзін-өзі бекітуінің толықтай негізі болып саналады. Өзін-өзі кәсіби бекіту — кәсібилік қабілеті, кәсібилік мотивация, кәсібилік өзіндік санасы, мінезінің

қасиеті. Олардың мамандық алу жолының құрылысы қызық. Ол кезде тұлға әрекетінің сапасы қалыптасады, тұлғаның кәсібилігі қалыптасады.

Кәсіби маңызды сапалар бұл – тұлғаның іс-әрекет процесіне енгізілген және оны орындауда тиімділігіне жағымды ықпал ететін қасиеттері. Кәсіби маңызды сапалар маманның интеллектілі және тұлғалық сапаларынан құралады. М.К.Акимованың және К.М.Гуревичтің пікірінше, маманның интеллектілі сапаларының айқындалуы төмендегідей өлшемдердің бағалануын талап етеді, олар: жеке дара психикалық қызметтер (сенсорлық аумақ, моторлық аумақ, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял), жалпы хабардарлық, оқуға қабілеттілігі және т.б. Кәсіби маңызды сапалардың айқындалуы кәсіби сипаттамалардың анықталуын талап етеді, олар: тұлғаның мотивациялық қасиеттерінің даму деңгейі, эмоциялы аумағын сипаттайтын күйлер; рефлексивті күйлер; қарым-қатынас аумағын сипаттайтын сапалар.

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның — қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы іздену бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады.

“Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымы енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді [3]. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын әрі қарай әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары “құзыреттілік” және “құзырет” сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдейді. “Құзыреттілік” – хабардар болушылық, абыройлық; “құзырет” – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы деген,

Маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырылып жүр. Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Б.Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез — келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», деп анықтама береді [4].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кәсіби маман жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білім маманның құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психология жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуі қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерінің қалыптастырудың мазмұнын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білімділік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [4]. Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты мәдениетті білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдану деген түсінік бере аламыз. Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзыреттіліктер қалыптасуы қажет.

Біріншіден, бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, маңылылық, т.б.);

Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

Үшіншіден; оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Төртіншіден; коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тілде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

Бесіншіден, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық құралдармен көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Алтыншыдан, әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал жасау қабілеті);

Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [5]. Кәсіби құзіреттілік ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады.

Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзіретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзіреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзіретті маман өзіннің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Қорыта келгенде, кәсібилік – адам өмірінің үлкен бөлігін қамтиды. Олай болса, жоғары кәсіби және әлеуметтік мәртебесі бар, жағымды әлеуметтік маңызға ие, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби жетістіктерге бағдарланған кәсіби әлеуеті қалыптасқан маман ең бірінші, ұстаз қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Қорыта келе, педагогтың кәсібилігін арттыру және дамыту мәселесі қай кезеңде болмасын өзекті орынға ие болып қала беретіні анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана. 14 желтоқсан, 2012.
2. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2010.
3. Сенкибасва А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4.2009
4. Ш.Х.Құрманалина,Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. –Алматы., 2007
5. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері. –Алматы., 2007

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шалқар Салтанат

әл *Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*
Философия және саясаттану факультеті
6М010300 – Педагогика және психология мамандығының
2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Таубаева Ш.Т.
Email: shalhar.saltanat.94@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада әлемде интеллектуалды тұлға дамытудың тәжірибелерін, зиялы қауым өкілдерінің ғылыми тұжырымдары негізге алынған. Интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың мәні мен мазмұны «*интеллект – тарих – білім*» деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамитынын көрсетеді. Неміс еліндегі «*тұлғалы ел*», «*интеллектуалды азамат*» ұғымдарының мәні, интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың ерекшеліктері ашылып берілген. «*Интеллектуалды ұлт-2020*» жобасында қалыптастырылған бағыттардың іске асырылуы – қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық өркениеттік мәдениетті менгерген, бәсекеге қабілетті, ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға қатысын атап көрсетеді.

Түйінді сөздер. интеллектуалды тұлға, интеллектуалды тұлға дамыту, интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың мәні мен мазмұны, «*тұлғалы ел*», «*интеллектуалды азамат*», ұлттық мәдениет, өркениеттік мәдениет, бәсекеге қабілеттілік, ұлттың зияткерлік әлеуеті.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАЛАРЫ <i>Шерова Қ.Т.</i>	346
ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ С СДВГ И ИХ СЕМЕЙ В ЗАРУБЕЖНОЙ ПРАКТИКЕ <i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i>	349
СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ОДИНОКИХ РОДИТЕЛЕЙ И ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ СЕМЕЙ С ДВУМЯ РОДИТЕЛЯМИ <i>Шабденова А.Б</i>	354
NON-PROFIT ORGANIZATIONS WHICH PROVIDE SERVICES FOR HOMELESS PEOPLE IN ALMATY <i>Rakhimbekov K.E.</i>	359
АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ СУРРОГАТНОГО МАТЕРИНСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН <i>Маметбакиева Н.П.</i>	362
НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ АЛИМЕНТНЫХ ОТНОШЕНИЙ РОДИТЕЛЕЙ И НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ДЕТЕЙ: ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В АЛИМЕНТНЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВАХ <i>Дураченко Г.С.</i>	366
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ВУЗОВ <i>Куликова М.Ю.</i>	371
АНАЛИЗ ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ДОСУГА МОЛОДЕЖИ СЕЛЬСКИХ ПОСЕЛЕНИЙ И ЕЕ ПРОЕКТНОЕ РЕШЕНИЕ <i>Замуленко А.Ю.</i>	375
СЕКЦИЯ «ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕСІ» СЕКЦИЯ «ВКЛАД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ»	
Балғай С.С. ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	380
Нурпейсова Қ.М. ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ	382
Попова А.А. ВЛИЯНИЕ ХИП-ХОП КУЛЬТУРЫ НА МИРОВОЗЗРЕНИЕ МОЛОДЕЖИ	385
Жақаева А.К. ЖАСТАРДЫ БОЛАШАҚ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	386
Орынбасар М.Т. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ	388
Рахматулла Ж.С. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМУ	390
Шалқар Салтанат. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	393
Таубасев Ш.Т., Шалқар С. ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ЛИЧНОСТИ	391
Tagayeva D.O. SPECIFICITY OF UNIVERSITY EDUCATION UNDER GLOBALIZATION PROCESS	397
Туреханова А.Т. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МАЗАСЫЗДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ КӨРІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	399
Жирен Б.Ж. КӨРКЕМ – ӨНЕР САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАТЫН ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС	402

біз кезеңге кошу жүріп жатыр. Осыған орай «Елді индустрияландырудың маңызды бағдарламасы» аталды, деп атап өтті Н. Назарбаев. «2015 жылға қарай ел экономикасы 3,5 есе өсетінін білдіретін осы бағдарламаны жүзеге асыруға дәл сендердің қатысуларыңа тура келеді», – деді Президент дарынды балаларға қатысты өзінің жеке пікірінде. Бүгінгі жастар 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясында баяндалған басымдықтарды іске асырумен айналысатын болады.

Дарындылық мәселесі бойынша айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Дарынды балалар – еліміздің интеллектуалдық әлеуеті. Республикада көптеген жылдар бойы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жұмыс істейді. Бұл мемлекеттік ұйым арқылы дарынды балалардың республикалық олимпиадаларда білімдерін көрсетуге және елімізді таныстыруға мүмкіндіктері бар.

Дарынды және талантты балалардың интеллектуалды және шығармашылық потенциалы, тұтастай мемлекет дамуының басты ресурсы екені бәріне белгілі. Осы мақсатта Қазақстанда психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік-экономикалық қолдауды түрлі шаралар арқылы жүзеге асыру және әртүрлі нысандармен қамтамасыз ету бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы егемендікті алған сәттен бастап дарынды, шығармашылық жастарды қолдау басымдылық болып саналды және оның практикалық іске асырылуы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» Заңының негізінде құрылған «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «Дарынды балаларға арналған мектептерді дамыту» 1996 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады.

Ел Президентінің «Дарынды балаларға арналған мектептерді қолдау және дамыту туралы» Заңындағы маңызы бар құжатқа қол қойғалы 10 жылдан астам уақыт өтті. «Дарын» республикалық орталығының тәжірибелік орталығының арқасында 800-ден астам қазақстандық білім алушылар жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары болды.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы зияткерлік элитаның мақсатты түрде қалыптасуы.

Осы ұйымның жұмысы барысында ерекше мүмкіндіктері бар, академиялық таланттарға ие балалар мен жастар өздерінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін анық, жақын және шет елдердің үздік университеттерінде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды [3].

Алайда, білім беру жүйесін реформалау дарынды балаларды арнайы мектептерде ғана емес, жалпы білім беретін мектептерде де жүзеге асыруды міндеттейді. Сондықтан, дарынды баланы дамыту мәселесі қоғамдық маңызды проблема болып отыр.

Әсіресе, көркем – өнер саласы бойынша білім алатын дарынды балалармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың қайнар көзі мен астарлы ақиқаттылықты қажет ететін теория мен практикалық жұмыстардың интеграцияланып, прогрессивті түрде даму үдерістері, қазіргі жаңартылған білім беру жағдайында өте маңызды болып отыр.

Сол себепті бүгінгі таңда білім беру жүйесінің ең маңызды ерекшеліктерін көрсетер болсақ: оның қанығып жіктелген көпсатылы үздіксіз білім беру (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары білім және магистратура және докторантура) жүйесі адамның білімі мен әдет-дағдыларын үзіліссіз қалыптастырып және жетілдіріп отыруына мүмкіндік береді, адамның жеке тұлғасына зор әсер етеді. Сондықтан, жаңа бағдарлама бойынша білім берудің балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейінгі білім саласы толық үйлесімді дамуына баса назар аударылуы – отандық білім беру саласын жаңа деңгейге көтеретіні сөзсіз. Ал, бұл өз кезегінде халықтың болашағы – жастардың жан-жақты дамуына тың серпін береді. [4].

Жаңартылған білім мазмұны – білім беру мекемелері мен білім алушыларға жаңа серпін, жаңа леп қосу тек оқу, тәрбие үдерісінде ғана емес, сондай – ақ дарынды балаларды анықтап, дамыту шараларын тереңдетуді қоздейтін, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етуді де қамтамасыз етеді.

Қазіргі рет дарынды балалардың психологиялық моделін Батыс елдерінің психологтары ұсынды: Дж. Гилфорд, Э. Де Боно, Дж. Галлаир, Дж. Рензулли, П. Торренс. Алайда, осы шаралардың шығармаларын қол жеткізу, өкінішке орай, өте шектеулі. Сондықтан, осы мәселені шешуде орыс, кеңес психологиясының негізі Б.М. Теплов, С.Л. Рубенштейн еңбектеріне сүйенуге тура келеді. Бұл мәселе әйгілі психологтардың, психология ғылымдарының докторлары Н.С. Лейтес,

М.М. Матюшкина жұмысына арналған. Дарынды балалардың психикасын зерттеу бойынша олардың дамуы психологияда көрнекті орын алады. Мектепке дейінгі балалар шығармашылығын дамытудың негізгі психологиялық принциптерін М.С. Старчеус, В.С. Юркевич, Л.В. Попова, Н.З. Новлянская, В.В. Подьяков, Д.Н. Узнадзе, А.В. Запорожец ұсынды. Теорик ретінде В.А. Моляко үлкен жұмыс істеді. Ол шығармашылық психологиясының мәселелерін терең зерттеді. Әсіресе, ол дарындылықты

зерттеу тәсілін дамытуды қарастырды және ол оны психологиялық феномен ретінде құрылымдаған.

Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдар Ж.О. Умбетова, Л.М. Нарикбаева, О.А. Жуманжолдасбаева, Г.Ж. Ақылбаевтар дарындылықтың педагогикалық аспектілеріндегі аспектісіне арналған: дарынды адамдардың сезімталдық мәселесін зерттеді.

Дарындылық ұғымдары туралы айтатын болсақ, ең танымал америкалық психолог Рензуллидің адам әлеуетінің тұжырымдамасын қарастыра аламыз.

Оның іліміне сәйкес, дарындылық – бұл үш сипаттаманың комбинациясы:

1. Интеллектуалдық қабілеттер (орташа деңгейден асып түседі);
2. Шығармашылық (өнер, техника немесе басқа да салаларда жасауды үйренді, бала басқа салаға оңай аудара алады);
3. Шыдамдылық (зерттеу барысында бала кезінен қалыптасып, мотивтердің өзгермейді).

Д.Б. Богоявленской, В.Д. Шадриковтың және басқа да ресейлік зерттеушілерінің «Дарындылықтың жұмыс жасау тұжырымдамасы» бар. Тұжырымдаманың ең қызықты жағы менің ойымша, мыналар:

• Баланың дарындылығын екі санаттағы бірлікте қарастырған жөн: «Мен істей аламын» (аспект – баланың жұмыс жасау іс – әрекетінің тәсілдері) мен «Мен қалаймын» (мотивация – баланың шындыққа деген көзқарасы және оның қызметі);

Дарынды балаларға қатысты екі түрлі өте маңызды көзқарас қалыптасқан: «Барлығы дарынды» (дарындылық деңгейіне іс жүзінде әрбір дені сау балаға қолайлы жағдай жасап, дарындылық деңгейіне жете алады) және "Дарынды балалар өте сирек кездеседі, сондықтан дарындылығын дамыту үшін қажетті жағдайларға назар аудару керек.

О.Г. Ридецкаяның көзқарасы бойынша, ол мынадай негізгі ережелерді ұсынады:

- балада жақсы нышан болуы керек;
- дарындылық қоршаған ортаны қалыптастырады (яғни баланың әлеуеті мен даму деңгейі қандай дәрежеде болу мүмкіндігі, дарынды баланың дұрыс көзқарасына байланысты болады);
- қабілеттер оқуда тек қана оқу барысында алынады;
- психологтардың айтуынша, балада талантты қалыптастыру 13 жаста аяқталады. [5]

В.П. Кашченко дарынды баланың психикалық қасиеттерін ерекшелік ретінде қарастырып, пікірінше, мұндай бала белгілі бір аймаққа назар аударуға, тамаша тұжырымға, бай қиялға және эмоционалдық әлемге қабілетті өте зор болып келеді. Әдетте эмоционалдық әлем мен қиял байлығы галлюцинацияға әкелуі мүмкін, бұған дәлел ретінде атақты музыканттар мен әншілердің түрлі әуендер, көркем бейнелерді іздеп жүретін шағымдарын айтсақ болады. [6].

Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория – ой – өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар.

Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеті көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория – дарындылық күш – қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Н.С. Лейтес бойынша, дарынды баланың ойы дамуын жай оқушылармен салыстырғанда дарындылықты жалпы қабілеттердің жиынтығы деп түсіндіреді (жеке қабілетке қарағанда музыкаға, бейнелеу өнеріне), бірақ, олар іс-әрекеттің әр түрінде кең көрінеді, деп, айтады. Ғалым осы ойын дарындылықтың ақыл-ой теориясына байланысты дарынды балалардың дамуы болу арқылы түйіндейді:

- 1) кез-келген шарттардағы ерекше жоғары ақыл-ой дамуының деңгейіндегі балалар (мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағылар);
- 2) арнайы ақыл-ой дарындылығының белгілері байқалатын балалар (математика, спорт, т.б.) (орта жастағылар);
- 3) әлеует және «жасырын» дарындылыққа байланысты жарқын танымдық баяндалған өрісі терең балалар (жоғарғы мектеп жасындағылар). [7].

Әдетте көркем өнер саласында білім алатын балалардың жан дүниесі өте нәзік әрі өрнек болып келеді. Сонымен қатар бұндай балалар үнемі алдыларына жоғарғы мақсат қойып, оған ұмтырысады. Үнемі көпшіліктің назары мен жанның жылуын сезінгісі келеді. Сол себепті, өнер саласындағы балалар көңілшек, тым шығармашыл, қиялға берілгіш, белгілі бір мәселе мен мәселеге байланысты болған кезде өте қырсық, бірбеткей болып келеді, әр нәрсеге үлкен икем мен салдарынан психоэмоционалдық жағдайы тұрақсыз, уайымға тез берілгіш, өсәл болып келеді. Дегенменде, бұндай балалардың сезімталдығы түпсанадағы ішкі интуицияны дамытуға жағарылатады. Бұл дегеніміз, көркем өнер саласында білім алатын дарынды балалардың дамуы.

ар ЭГО – га» деген талпынушылық әрекеті «Өзіндік МЕНІНДЕ» жоғары болып келетінін білдіреді.

Ал, бұндай балалармен әлеуметтік педагог әлеуметтік жұмыстарды жасау барысында, олардың психологиялық жағдайының өте күрделі әрі тым нәзік, ерекше сезімтал болатынын ескере отырып, эмоционалдық аспектілеріне жіті назар аударған жөн. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог ретінде «**қала келтіріп алмай, нәтижелі жұмыс жасау!**» принципіне өзіндік кәсіби жұмысын бағыттап, оларды жетістікке жеткізетін негізгі құралы ретіндегі түсіну мәдениеті әлеуметтік педагогтың ерекшелігін прогрессивтендіреді.

Еңгізін ғылыми, техникалық, саяси, мәдени және басқарушылық әлеуетін жоғары деңгейде құру мен қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды құрамдас бөліктердің бірі – дарынды адамдарды іздеу мен олардың орнықты жүйесі. Ғылымның, технологияның, экономиканың, мәдениеттің даму қарқынын қарқындылықтай белгілейтін интеллектуалды элитаның қалыптасуы осы дамудың тиімділігін анықтайды.

Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу күрделі және ауқымды міндет болып табылады: ата-аналардың тиісті кеңесі мен тәрбиесі және мұғалімдерді даярлау – оларды жас таланттармен жұмыс істеудің барлық қиындықтарына және қуаныштарына дайындауға ықпал ететіні анық.

Әрине, дарынды балалар ғылымның ерекше қызығушылығын туғызуы керек – ол тек психология және педагогика ғана емес, сонымен қатар медицина, генетика және т.б. сынды ғылымдардың негізгі бөлімдерінің болуы тиіс.

Дарынды балаға назар аудару тек білім алу кезеңімен ғана шектеліп қалмағаны абзал. Тәжірибе білдіретіндей, дарынды адамдар кәсіптік өзін-өзі анықтау кезеңінде, ал болашақта шығармашылық қабілетінде елеулі қиындықтарға тап болады. Басқаша айтқанда, талантты адамдар қоғамның қажетті қорлығын үнемі қажет етеді.

Көркем өнер саласындағы дарынды балалармен жұмыс жасау үдерісін психологиялық қолдаумен бастау керек. Бізге дарынды балаларға арналған арнайы мектептер, арнайы оқытылған мұғалімдер, арнайы оқулықтар қажет, бірақ ең алдымен, олар өздерінің интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерімен ғана емес, сонымен қатар олардың жеке психологиялық, тұлғалық ерекшеліктерінің болғаны абзал.

Өйткені, дарындылық – бұл таңбаланған адамдар үшін тағдырдың сыйы ғана емес, сонымен қатар қажетті жағдай. Көптеген эксперименттер дарынды балалардың өзін толыққанды көрсете алатын арнайы және білім беру ортасына мұқтаж екенін тағы да дәлелдейді. Сондай-ақ, эмоциялық интеллект пен оның адам өміріндегі орны ерекше екенін ұмытпаған жөн.

Бірақ, оны басқа қырынан қарайтын болсақ, мұның бәрі мұғалімнің кең және шығармашылық қабілетіне мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, оқу үдерісін байытуға және дарынды балалардың білім беру үдерісінде өнімді педагогикалық қолдауды барынша арттыру үшін кез-келген бағдарлама немесе бағдарламалардың жиынтығы таңдалуының мүмкін екендігін дәлелдейді. Сондықтан да, мұғалімдер өздерінің өнімді және сезімтал болуы керек, баланың психологиялық сипаттамаларын ескеріп, шығармашылық қабілетін өнімді ойлауды ынталандырып, таңдалған тақырыпты мұқият зерделеуге, дамытуға ықпал етуі керек.

Отбасылық тәрбиелеу жағдайында көркем өнер саласындағы дарынды балалармен жұмыс жасағанда:

1. Дарындылықты баланың психофизиологиялық, интеллектуалды және әлеуметтік тұлғасындағы ерекшеліктеріне қарай кұбылыс ретінде қарастырып, дарынды балалардың жеке және жас ерекшеліктеріне назар аударған жөн;
2. Отбасылық қарым-қатынастың сипаты мен эмоциялық-еріктілік қасиеттерін дамытуды ескеруі керек;
3. Дарынды балалардың әлеуетін толық іске асырудың маңызды шарты ретінде балаға «Менің қабілеттерімді дамытуым» қалыптастыруды үйрену үшін жағдай жасау керек;
4. Тиісті отбасылық микроклиматты құруға көмектесу әлеуметтік педагогтың ең маңызды міндетіне айналуы тиіс. [8].

Осылайша, білім беру мекемелерінің, ата-аналардың, мектеп психологтарының, медицина мамандарының, білім беру мекемелерінің әкімшілігінің, әлеуметтік педагогтардың күш-жігерін біріктіру арқылы дарынды балаларды дамытуға бағытталған жоспарлы жұмыс барысында үлкен жетістікке жетуге болады. Нәтижесінде, көркем өнер саласында білім алатын балалардың дарынын дамытып, мектептегі әлеуметтік педагог маманы дарынды балаларды дамытуда бірақтар әлеуметтік педагогикалық жұмыстармен қамтамасыз ете алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Закон об образовании Республики Казахстан от 27 июля 2007

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАЛАРЫ <i>Шерова Қ.Т.</i>	346
ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ С СДВГ И ИХ СЕМЕЙ В ЗАРУБЕЖНОЙ ПРАКТИКЕ <i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i>	349
СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ОДИНОКИХ РОДИТЕЛЕЙ И ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ СЕМЕЙ С ДВУМЯ РОДИТЕЛЯМИ <i>Шабденова А.Б.</i>	354
NON-PROFIT ORGANIZATIONS WHICH PROVIDE SERVICES FOR HOMELESS PEOPLE IN ALMATY <i>Rakhimbekov K.E.</i>	359
АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ СУРРОГАТНОГО МАТЕРИНСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН <i>Маметбакиева Н.П.</i>	362
НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ АЛИМЕНТНЫХ ОТНОШЕНИЙ РОДИТЕЛЕЙ И НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ДЕТЕЙ: ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В АЛИМЕНТНЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВАХ <i>Дураченко Г.С.</i>	366
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ВУЗОВ <i>Куликова М.Ю.</i>	371
АНАЛИЗ ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ДОСУГА МОЛОДЕЖИ СЕЛЬСКИХ ПОСЕЛЕНИЙ И ЕЕ ПРОЕКТНОЕ РЕШЕНИЕ <i>Замуленко А.Ю.</i>	375
СЕКЦИЯ «ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕСІ» СЕКЦИЯ «ВКЛАД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ»	
Балғай С.С. ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫҒЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	380
Нурпейсова Қ.М. ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ	382
Попова А.А. ВЛИЯНИЕ ХИП-ХОП КУЛЬТУРЫ НА МИРОВОЗЗРЕНИЕ МОЛОДЕЖИ	385
Жақаева А.К. ЖАСТАРДЫ БОЛАШАҚ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	386
Орынбасар М.Т. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ	388
Рахматулла Ж.С. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМУ Шалқар Салтанат. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	390
Таубасв Ш.Т., Шалқар С. ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ЛИЧНОСТИ	391
Tagayeva D.O. SPECIFICITY OF UNIVERSITY EDUCATION UNDER GLOBALIZATION PROCESS	397
Туреханова А.Т. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МАЗАСЫЗДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ КӨРІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	399
Жирен Б.Ж. КӨРКЕМ – ӨНЕР САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАТЫН ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС	402